



Ағымдағы ақпарат

Ғ.Оспанқұловтың Ордаға сапары

Қойнауы құт, шежірелі мекен – Хан ордасы ауылына ай былай тұрсын, апта арылтпай келіп жататын ағайындар қаншама десеңізші?! 30 шілде күні түс әлетінде облыс әкімінің орынбасары Ғабидолла Оспанқұлов бастаған бір топ құрметті меймандар осы киелі де қасиетті топыраққа табан тіреп, өлке тарихымен, ел-жұртпен танысып, біраз жайларға қанықты. Кейбір атқарылып жатқан оңды істерге өз ризашылық сезімін жеткізіп, таяу күндердің еншісіндегі бірқатар жұмыстарды да тілге тиек етті.

Айта кетелік, Ғабидолла Оспанқұловтың іссапары бүгін аудан орталығы – Сайқын ауылында жалғасады. Мұнда да білім, денсаулық сақтау, мәдени ошақтарды аралап, жаңа құрылыс нысандармен танысады деп жоспарлануда.

(Облыс әкімі орынбасарының іссапары қорытындысын газетіміздің алдағы санынан оқи аласыздар).



Сессия



Өткен сәрсенбінің сәтінде аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында оздырылған аудандық мәслихаттың кезекті ХҮІІІ сессиясының күн тәртібіне төрт мәселе қойылды.

Аудан әкімі Н.С.Рахымжановтың мәслихат депутаттары алдындағы есебі бұл жорықта Ақжайық облыстық телеарнасының тікелей эфирі арқылы берілді. Нұрлан Сағынтайұлы «Ашық пікір алмасу алаңы» бағдарламасында өңіріміздің қал-ахуалы хақында мәлімдеп, облыстық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сауалдарына да толымды жауап берді. (Әкім баяндамасының қысқаша нұсқасы 3-бетте жарияланып отыр).

Одан әрі «Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №13-8 «2018-2020 жылдарға арналған Бөкей ордасы ауданы ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Сайқын, Орда ауылдық округі әкімдері Мейрамбек

Әкім есебі тікелей эфир арқылы берілді

Аққалиев пен Медет Сисенов баяндаса, мәслихат аппаратының басшысы Алмас Хайроллин аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану қажеттігін айтып, бұл хабарламалар да депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Өз кезегінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, мәслихат депутаты Тілеген Арыстанбеков аудан әкімінің жұмысына оң баға берсе, аудан әкімінің орынбасары Лариса Қайырғалиева істелген жұмыстармен қатар, алда одан да ауқымды міндеттер тұрғандығын тілге тиек етті. Және жиынға қатысып отырған мәслихат депутаттары мен ауылдық округ әкімдерін, мекеме, бөлім басшыларын осы бағытта жұмыла қызмет етуге шақырды.

Мінбеге көтерілген мәслихат депутаты Нағим Тәжімұратов Т.Масин ауылдық округіне «көгілдір отын» жеткізу бағытындағы жұмыстармен таныстырып, Бөрлі ауылындағы білім ошағының жылыту жүйесі сын көтермейтіндігін айтты. Кәсіпкерлер палатасы аудандық филиалы директоры Бибігүл Жұмағұлова кәсіпкерлікке бет бұрған азаматтарға жергілікті жерлерде нақты қолдау көрсетілсе деген өтінішін алға тартты. Айта кету керек, күн райының қолайсыздығына байланысты сессия төрағасы Сағындық Сәрсенов келе алмай, жиын аудандық мәслихат хатшысы Ерболат Таңатовтың төрағалығымен өтті.

Келесі сессияның төрағалығына Т.Арыстанбеков сайланды.

Раушан БАҚЫТОВА.



Қыс – қатал сыншы

ШАБЫНДЫҚ ТА, ӨНІМ ДЕ АЗ

пішеншілерді де түсінген абзал

«Жазда шанаңды, қыста арбаңды сайла» деседі шаруа адамы. Мал баққан қазақ қысқы жем-шөптің қамын көктемде ойлайды. Жер төсегіне қарай шабындық пен жайылысты таңдайды. Биылғы ауа райының қуаңшылығы көпшілікті абыржытты. Шынында да, шөптің шығымы жылдағыдан әлдеқайда төмен. 2018-2019 жылғы мал қыстату науқанында ауданымыздағы 22 елді мекен мен 515 пунктте 86 мың шартты бас мал тұрады деп жоспарлануда. Әр шартты басқа 13-14 кг азық есептегенде, осы жазда 134,4 мың тонна пішен дайындауымыз керек екен. Округтерге бөліп көрсетсек, Бисен – 26,2, Ұялы – 13,4, Т.Масин – 24,6, Мұратсай – 5,6, Орда – 37,3, Сайқын – 13,7, Саралжын – 13,6 мың тонна. 20 шілдедегі мәлімет бойынша әзірге дайындағанымыз – 26,5 мың тонна.

Шабындық басындағы жайды көзбен көріп, оруға жарайтын босалқы жерлерді анықтау үшін аудан әкімінің орынбасары Рүстем Зұлқашев, жер кадастры маманы Нарбек Нәрсешев және осы жолдардың авторы округтерді аралауға шықтық. Әр гектардан 2,5 центнер өнім алып жатқан сайқындықтар былтырдан қалған шөпті қосқанда межеден шығатындықтарын айтты. Ал, шөп шығымдылығы 1,5 центнерге де жетпей жатқан (1,4 центнер) ордалықтар қанша тырбынғанымен, 87,9 пайыздан асыра алмайтындықтарын жасырмады. Сондықтан олар көрші округтерден шабындық сұрамақ. Бисендіктердің де жағдайы мез емес. Шөп шығымдылығы – 1,6 центнер. Мұнда жоспар 62,9 % орындалады деп күтілуде. Жиекқұм ауылының қасынан шөп шауып жатқан механизатор Нұрланбек Мәмбетовтың («Жұмай») шаруа қожалығы) айтуынша, өнім жоқтың қасы, сонда да ол барын тырмалап жатыр екен. Жыл сайын шөпті мол дайындап, мал азығының берік қорын жасауды дағдыға айналдырған масиндік шаруа қожалықтары науқанға жаппай кірісіпті. Түсім 2 центнерден аспағанмен, қыста таршылық көрмейтіндеріне сенімді. Құм мен қырды бірдей жайлаған оларға Рүстем Мүлқайұлы өз қорларының сыртында, көршілер үшін де қор жасақтауды тапсырды. Ұялы мен Саралжын округтеріндегі орақ салынған жерлер әзірге 2,5 центнерден өнім беруде. Жоспардың орындалуын 80,2-84,5%-дан асыра алмайтындықтарын байқаған олар қазталовтық, жаңақалалық көршілерімен сөйлесіп, шабындық сұрап жатқан көрінеді. Мұратсайлықтар (оларда шығымдылық 2 центнер) қалдық шөпті қосқанда жоспардан шықпақ ниетте.



Иә, қолында техникасы бар қожалықтар мал азығымен өздерін барынша қамтуға тырысатындықтары анық. Ал, округ орталықтарындағы тұрғындар қайтпек? Олардың да жайын ойлау, жекелерге саттыққа шөп шығару жөнінде пішеншілерге нұсқау берілді. Алайда, ол Сайқыннан басқа жерлерде орындалмауда. Қайсыбіреулер тұрғындардың бағаны қымбатсынып алмай жатқанын көлденең тартты. Жағдайды пайдаланып, асыра сілтемей, қолжетімді қақ қойса, мәселе шешілер деп ойлаймыз. Ең бастысы, пішеннің дайындалуы және тұрғындардың ерте қамдануы. Шөбі көптің қашанда малы тоқ болатыны бесенеден белгілі.

Сүйінбек ХАЙРОЛЛИН,
аудандық ауыл шаруашылық бөлімі басшысы.
Суретте: Аудан әкімінің орынбасары Рүстем Зұлқашев (солдан оңға қарай), жиекқұмдық механизатор Нұрланбек Мәмбетов, тіркемеші Азамат Құлбатыров және автор.

Сәрсенбі, 1.08.2018	Бейсенбі, 2.08.2018	Жұма, 3.08.2018	Сенбі, 4.08.2018	Жексенбі, 5.08.2018	Дүйсенбі, 6.08.2018	Сейсенбі, 7.08.2018
+31 ☀️ +22	+32 ☀️ +20	+33 ☀️ +21	+31 ☁️ +23	+31 ⚡️ +22	+31 ☀️ +22	+32 ☀️ +21

